

К. Коч<sup>1</sup>  Е.С. Тұрғынов<sup>2\*</sup>  Ж.С. Абитова<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>Мұғла Сытқы Кочман университеті, Түркия, Мұғла қ.

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>3</sup>Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

\*e-mail: erkinbek230388@gmail.com

## БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ МӘТІНДЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Көзі тірісінде 60 жуық кітабы жарық көрген Бейімбет Жармұхамбетұлы Майлиннің зерттеушілер назарынан тыс қалып жүрген қырының бірі оның әдіскерлік және педагогтық қыры. «Қазақ», «Айқапта» және «Еңбекші қазақта» қаламын танытқан Б.Майлин есімі жазушы әрі публицист ретінде белгілі болған. 1929 жылдардан бастап ол сауатсыздықты жою науқанына белсене араласып, бұл бағытты тындырымды тірліктер атқарған. Оқу құралдарындағы мәтіндер мен тапсырмалар, сұраулардың бәрінде Майлиннің қалам стилі менмұндалап көрініп тұрады. Майлин қаламынан туған оқу құралдарының ішкі мазмұнын үшке бөліп қарастыруға болады. Әріп үйрету; Көркем мәтіндер және арифметика; Осылардың ішінде тіпті кейбір оқулықтары тұтас көркем мәтіндерге құрылған. Яғни көркем мәтіндерді ағартушылық мақсатта қолданған. Көркем мәтіннің композициялық тұтастығын, мазмұн мен форманың бірлігін, осы тұтастықты тудыратын нәзіктіктерді түсіну үшін тұтас тірі ағзаны зерттеп, қажетті қорытынды пікірге келу үшін жеке талдаулар жүргізу қажет болады. Көркем шығарманың «тұтастығын» жасайтын оның құрылымдағы орны мен рөлін анықтау қажет. Тұтастың мәнін түсіну үшін оны құрайтын бөліктерді нақтылау қажет. Шындығында, талдау бүтінді түсіну үшін оны ойша бөліктерге бөлуді үйрену дегенді білдіреді. Өйткені талдаусыз синтез, талдаусыз және нақтылаусыз толық түсіну және бағалау мүмкін емес. Б.Майлиннің оқу құралдарындағы көркем мәтіндерде әрбір деталь, бейнелеу құралы, сөз тәртібі, логикалық екпін, поэтикалық шығармалардағы салмақ, ұйқас, ұйқастың өзіндік орны мен рөлі бар. Кейде негізгі мәселеден гөрі екінші дәрежелі мәселелерді түсіндіруге көбірек орын беріліп, автордың тұтасты жақсырақ түсіну үшін пайдаланған детальдарын көруге болады. Кей кейде тарихтың қойнауында жатқан інжу-маржанға мән бермей «заманауи» деп басқа нәрселерге ұмтыла береміз. Бір уақыт қазақ үшін жанын құрбан еткен арыстарымыздан қалған асыл заттарды бір қайтара саралап өткен де жөн деп есептейміз.

**Түйін сөздер:** Бейімбет Майлин, сауатсыздықты жою, оқу құралдары, мәтін, көркем мәтін.

K. Koch<sup>1</sup>, Ye. Turgunov<sup>2\*</sup>, Zh. Abitova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Mugla Sitki Kochman University, Turkiye, Mugla

<sup>2</sup>Abay Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

<sup>3</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda

\*e-mail: erkinbek230388@gmail.com

### Artistic and educational features of texts in textbooks of Beyimbet Maylin

One of the aspects of the activity of Beyimbet Mailin, who published about 60 books in his life, is his methodological and pedagogical side, which is not properly investigated. The name of B. Mailin, who published articles in publications such as "Kazakh", "Aikap" and "Enbekshi Kazakh", was known as a writer and publicist. Since 1929, he actively participated in the campaign to eradicate illiteracy, and in this direction he made a lot of efforts.. Texts and tasks, questions in study guides reflect the style of Mailin's pen. The internal content of the tutorials created by Mailin's pen can be divided into three parts. These are: Teaching the alphabet; Literary texts and Arithmetic. That is, Maylin used literary texts for educational purposes.. Both the style of writing and the coils of thought, as well as the inner purpose of his works, contribute to the desire to learn, discover and innovate. In order to understand the meaning of the whole, it is necessary to clarify its constituent parts. In fact, analysis means learning to mentally break the whole into parts in order to understand it. Because without analysis and clarification, it is impossible to fully understand and evaluate the synthesis. In literary texts in B. Mailin's study guides, every detail, visual means, word order, logical accent, weight in poetic works, rhyme have their place and role. Sometimes more space is given to explain minor issues than the main one, and you can see the details that the author used to better understand the whole. Sometimes, ignoring the pearl that lies in the depths of our history, we continue to strive for other things as "modern". We

believe that it is necessary to once again review the jewels left by our outstanding personalities who gave their lives for the Kazakh people.

**Key words:** Beyimbet Maylin, eradication of illiteracy, teaching aids, text, literary text.

К. Коч<sup>1</sup>, Е. Тургунов<sup>2\*</sup>, Ж.С. Абитова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Университет Мугла Сыткы Кочман, Турция, г. Мугла

<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, г. Алматы

<sup>3</sup>Кызылординский университет имени Коркыт ата, Казахстан, г. Кызылорда

\*e-mail: erkinbek230388@gmail.com

### Художественно-просветительские особенности текстов в учебных пособиях Бейимбета Майлина

Одной из сторон деятельности Бейимбета Жармухамбетовича Майлина, опубликовавшего за свою жизнь около 60 книг, является его методическая и педагогическая сторона, которая не исследуется должным образом. Имя Б. Майлина, опубликовавшего статьи в изданиях, как «Казах», «Айкап» и «Енбекши казах», было известно как писатель и публицист. С 1929 года он активно участвовал в кампании по искоренению неграмотности и в этом направлении он приложил немало усилий. Тексты и задания, вопросы в учебных пособиях отражают стиль пера Майлина. Внутреннее содержание учебных пособий, созданных пером Майлина, можно разделить на три части. Это: Обучение алфавиту; Художественные тексты и Арифметика. Среди них даже некоторые учебники построены на целых художественных текстах. То есть Майлин использовал художественные тексты в просветительских целях. Как стиль письма, так и витки мысли, а также внутренняя цель его произведений способствуют желанию учиться, познавать и вводить новшества. Для понимания композиционной целостности художественного текста, единства содержания и формы, тонкостей, порождающих это целое, необходимо будет изучить целый живой организм и провести индивидуальный анализ, чтобы прийти к нужному заключительному мнению. Необходимо определить его место и роль в структуре, создающую «целостность» художественного произведения. Для того чтобы понять смысл целого, необходимо уточнить составляющие его части. Фактически, анализ означает научиться мысленно разбивать целое на части, чтобы понять его. Потому что без анализа и уточнения невозможно полностью понять и оценить синтез. В художественных текстах в учебных пособиях Б. Майлина каждая деталь, изобразительное средство, порядок слов, логический акцент, вес в поэтических произведениях, рифма имеют свое место и роль. Иногда дается больше места для объяснения второстепенных проблем, чем основной, и можно увидеть детали, которые автор использовал, чтобы лучше понять целое. Иногда, не обращая внимания на жемчужину, лежащую в глубинах нашей истории, мы продолжаем стремиться к другим вещам как к «современным». Мы считаем, что необходимо еще раз пересмотреть драгоценности, оставленные нашими выдающимися личностями, отдавшими свои жизни за казахский народ.

**Ключевые слова:** Бейимбет Майлин, искоренение неграмотности, учебные пособия, текст, художественный текст.

### Кіріспе

Мәтін – бір ой мен тақырып төңірегінде байланысқан сөйлемдер жиынтығы. Мәтін (лат. textus – мата, қосылу, біргу – мәтін) – мағыналық жақтан жақын байланыста болу шартымен тұтастық, семиотикада белгілердің тізбегімен құралған сөз белгілері. Тіл білімінде оны зерттеумен мәтінтану айналысады. (Салқынбай, 2009: 156). Мәтін – сөйлеудің ең үлкен бірлігі ретінде қарым-қатынас үдерісінде ғана болумен сөйлеу мазмұнының көп немесе аз мөлшері бар ауызша немесе жазбаша белгілер жүйесі және осы мазмұнды беретін пішін екені белгілі. Мәтіндегі сөйлемдер лексикалық байланыспен қатар грамматикалық байланыста болады. Мәтіннің

кем дегенде бірнеше сөйлемнен құралып, оймақтай ойды білдірумен құнды. Мәтін қаншалықты қысқа болса, айтар ойды білдіруде соншалықты тиянақты болуы керек (Әділова, 2016: 5). Мәтін өз алдынан бір әлем, бір өнер. Ал өнер түрлері үнемі өзгеріп отырады, жаңалары пайда болады.

Әсіресе тәуелсіздік алғаннан кейін «мәтін» туралы кеңінен зерттеп, зерттеушілер мен ізденушілерге мәтін бойынша бағыт көрсетіп, жол ашқан ұлттық ұғымға сай ережелер қалыптастырып, мысалдар келтірген, қазақ тілші-ғалымдары: Р. Сыздық, Б. Шалабай, З. Ерназарова, Г. Әзімжанова, Г. Есмағұлов, С.Мұстафина, Г. Қосымова, Д. Әлкебаева, Г. Смағұлова, Г. Әбікенова, А. Әділова,

Г. Кәріпжанова, М. Маретбаева, Ж. Қайшығұлова сында лингвисттерді айтуға болады. Тілді зерттеушінің үстелінде әдебиет, тарих, мәдениет, басқа да қоғамдық ғылымдарға қатысты кітаптар тұруы тиіс. Онсыз зерттеу жалаң болып, оқушыға әсер ету ықпалы төмен болуы мүмкін. Белгілі тілші-ғалым Р.С. Әмір: «Ана тіліміз сауат ашу мен қарым-қатынас жүргізу мен мәдениет қалыптастырудың құралы ғана емес, оқушыларға әлеуметтік және ұлттық Мен қалыптастырумен осынау ұғым аясында елдік мүдденің жақтаушысы болуға тәрбиелейтін негізгі рухани қажеттіліктердің бірі» деген сынайда пікірі білдірген (Дәулетбекова, 2020: 28). Тіл әлемінде әсіресе, мәтін саласындағы грамматикалық, лексика-стистикалық мағыналарын сөрелеу ұлттық тұрғыдан ескеру қажет дүниелердің бірі екендігіне назар аударады.

Осы тұрғыда қазақтың (қысқа) әңгіме жазу шебері, зерттеу нысанымыз Бейімбет Майлинның өткен ғасырдың 20-30 жылдары жарыққа шыққан оқу-ағарту және оқу әдістемелік құралдарының тақырыптық және мәтіндік ерекшеліктерін қаламға арқау еттік. Бейімбет Майлин жазушы, публицист, драматург және киносценарист ретінде қазақ өркениетінде есімі белгілі тұлға. Оның қаламынан туған сауатсыздықты жоюға арналған сауатсыздық әліппелері мен оқу құралдарындағы педагогикалық әдістерді ондағы мәтіндерге бір қайтара көз салғанды жөн көрдік.

### Материалдар мен әдістер

Б. Майлиннің осы уақытқа дейін кең көлемде айтылмай келе жатқан қыры оқу-ағарту саласындағы қайраткерлігі мен ағартушылық қызметі. Біз оның осы тұсына зерттеуге алған күннен бастап оның көркем шығармаларының басым көпшілігі оқу-ағарту мен сауатсыздықты жоюға насихатталғанына көз жеткіздік. Ол кездегі саясаттың қалауы бойынша ақын-жазушылар оқу-ағартуға бағытталған мемлекеттік науқанды қолдауға жұмылдырылғанын байқауға болады. Бұл тұрғыда әдебиет нақтырақ айтсақ көркем әдебиет оқу-ағарту мен сауатсыздықты жою құралы ретінде кең ауқымда қызмет еткенін байқауға болады. Сол тұста көркем әдебиет және оның бірлігі ағартушылық мәтін жазушының тілдік құзіреті арқылы ұлттың тілдік менін көрсетуге зор мүмкіндік болды. Мәтін қағидасымен жазушы халқының ішкі жан-күйін әдеби шығармалар арқылы беріп отырды. (Оқу құралдарындағы мәтіндерден келтірген

мысалдарымызда «қате» болып көрінуі мүмкін кейбір сөздер мен сөз тіркестерін Майлин қалай қолданса, біз де солай беруді жөн көрдік). *Ұшқан құстан басқа жан баласы бармаған жапан далаға темір жолдар төселіп жатыр. Ірі мал шаруашылықтарын, астық шаруашылықтарын басқаратын кеңес шаруашылықтары құрылып жатыр* (Майлин, 1930: 83). Осы тұста тіл білімінің атасы, әдебиеттану ғылымының бағытына бағдар көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлы: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек» дейді (Байтұрсынұлы, 1991: 349). Мәтін туралы әлем халықтары тілші-ғалымдарымен қатар, ұлт тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбановтың еңбектерінен бастау алғаны белгілі. Бұл туралы ғалым Б. Шалабай: «...А. Байтұрсынұлы мәтінді «шығарма сөз» деп, сөйлеудің бірлігіне жатқызып, шығарманың тақырыптан, ал мәтін (шығарма) мазмұнының үш мүшеден, яғни аңдату, мазмұндау, қорытындыдан тұратынын айтқан. Мәтіннің қарым-қатынас жасауда автордың ойының оқырманға арналғанын жеткізген (Шалабай, Ахметова, 2002: 45). Яғни жазушының еңбегі оқырманы үшін маңызды, оқырман жазушының пікірін бір деммен түсініп әкетуі керектігін қысқа да, нұсқа жеткізген. Жазушының көріп-білгені мен түсінігі мен болмысы, ойы мен қағидасының бәрі де оқырманға үлгіге айналады.

### Әдебиеттерге шолу

Ол оқу ағарту бойынша сауатсыздықты жоюға қатысты 10 жуық оқу құралының авторы. Атап айтсақ, Б. Майлиннің «Сауаттылығы төмендерге арналған оқу кітабы (1929 ж.)», «Күш» шала сауаттылар үшін оқу кітабы (1930. 250 000 дана) (біздегі деректер бойынша 4 рет қайта басылған), «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы» (1929ж. 60 000 дана), «Жаңаша оқы және жаз» оқу құралы (1931), «Сауаттандырғыш (сауатсыздар әліппесі)» (1934), «Сауат үшін» Сауаттандыру мектептеріне арналған әліппе құралы (1933) және Ғабит Мүсірепов А. Ситдықовпен бірлесіп «Сауатсыздарға арналған әліппе» (1935-36жж). еңбектерінің әдіснамалық негіздері атты оқулық (оқу құралдар) жазғаны назардан тыс қалып келген-ді (Байменшин, 1994: 46-47). Аталған кітаптардың бәрі 1929 жылы қабылданған латын әліпбиімен жазылған. Осыған қарап-ақ Б. Майлинді жазушы әрі публицист ретінде

дәріптеумен қатар оны ұстаз әрі әдіскер ретінде де алға шығаратын уақыт жетті деп есептейміз.

### Нәтижелер және талқылау

Б. Майлиннің 1930 жылы жарық көрген «Күш» шала сауаттылылар үшін оқу кітабы (250 000 дана) (біздегі деректер бойынша 4 рет қайта басылған) «Жаңа ауыл» (төменнен жоғарылаған бір батырақтың сөзінен) атты шағын мәтінмен басталады. Тақырыптан кейін нүкте қойылған және мәтінде тіпті кітапта бас әріп деген мүлдем жоқ. Кітап 1930 жылы шыққан. Қазақ даласының төте жазудан латын әліпбиіне көшкеніне бір жыл ғана болған. Баршаға мәлім, төте жазудан бас әріппен жазу болмаған. Бәлкім бұл жағдай содан қалған шығар... (Turgunov, Abdimomunov, 2019: 566). Енді кітаптың ішкі мазмұнына келер болсақ, мәтін – автордың жеткізбек болған ойын идеялық-көркемдік және мазмұндық жақтан ауқымды ойдың эстетикалық, эмоционалдық, көркемдік бірліктерін және бағалауыштық ақпарды әдебиет арнасы арқылы беруге қызмет ететін вербалды хабар. Лингвистикалық тұрғыдан, мәтін – коммуникативтік мақсаттарына қарай біріктірілген сөйлемдердің белгілі бір тәртіппен ұйымдастырылған жиынтығы» (Арнольд, 1999: 157).

Сонымен «Жаңа ауыл». *Мен ауылдан кеткелі төрт жыл болған. Мен кеткенде ауыл аршаның бойынша 3-4 үйден әр жерде бытырап отыр еді.*

*Биыл барсам аршаның бойында бір үй жоқ, ескі қыстаудың орындары ғана жатыр.*

*Өңгебай кездесіп, содан сұрап едім:*

– *Өзің көрген ауыл емес, бізде қазір жаңа ауыл. Аршалының бойы егінге қолайсыз болған соң, 80 үй бірігіп тұңғыықтан қоныс салғамыз, деп күлімсіреді.*

*Келсем – жаңа ауыл! Көше қылып салған қала, ортасында мектеп, кәперетіп.*

– *Сексен үй бірігіп қалқоз болдық, қалқоз бастығы мен! деп маржан күледі.*

Әрбір мәтіннен кейін міндетті түрде пысықтау сұрақтары берілген.

«Сұрау: бұрынғы ауылдан мұның өзгешелігі қандай?» «Жаңа ауыл» бір тұтас ұғыммен тұтас концепт болумен қатар, лингвистикалық көркемдік әдеби жағынан мәтін тұтастығы толық берумен менталды құрылым жүгін толық арқалай алып тұр. ...құрамында сөйлеушінің дйттеген мақсатына сай жүйелі ойға құрылған бірін-бірі толықтырып отыратын сөйлемдер

мағыналық және құрылымдық жақтан тығыз байланысқа түскен, мәтін құрамындағы коммуникативтік компоненттер деп танымыз – дейді Ф. Оразбаева. Басқа бір пікірінде ғалым: «Мәтін – ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға» – деп мәтіннің күрделі тұтастығын білдірген (Оразбаева, 2000: 26).

1943-1936 жылдарында 3 қайрата басылған Ғ. Мүсіперов және Ә. Ситдықовпен төлаторлықта жазған «Сауаттандырғыш (сауатсыздар әліппесі)» «Әліппе бөлімі», «Оқу құралдары» және «Арифметика» атты үш бөлімнен тұрады. Ғалым Байменше Серікқали алғашқы және соңғы бөлімдерді Ғ. Мүсіперов және Ә. Ситдықов жазған, ал «Оқу құралдары» Б.Майлин қаламынан туған деген пікір айтады. (Байменшин, 1994). Бөлім «Ескі өмір. (Ұмындық дейтін қолқозшы әйелдің сөзінен)» деген шағын мәтінмен ашылған: *«Біз не көрмедік! Байдың есігінде басы байлы құл ек. Күндіз – түні тынымсыз жұмыс істеу мен болдық. Сонда да тойынбаймыз: аш – жалаңаш жүргеніміз. Өлетін болған соң байдан іргемізді аулық салдық. Керек дүниенің бірі жетсе, бірі жетпейді. Байдан қарыз сұрасақ ол бізді сықақ қып:*

– *Құдайдан сұра, құдай береді – дейтін еді.*

*Сол күймен жүріп өктәбір төңкерісіне жеттік-ау»* (Майлин, Мүсіперов, Ситдықов, 1936: 33) – деп аяқталады. Жоғарыдағы мәтін лексикалық әрі логикалық және грамматикалық жақтан мәндік және мағыналық байланыстары толық ұйысып, оқырман ойында көркемдік образ қалыптастырып, әдеби ақпар беруге қабілетті толық мәтін ұғымын арқалай алатын жиынтық көреміз. Яғни мәтін құрылымдық-семантикалық ретінде тұтас қызмет етіп тұр (Тураева, 1986: 11). Сонымен қатар, мәтінде қарым-қатынас құрудың толық бірлігі бар екенін байқауға болады. Б. Майлиннің шеберлігі кейіпкерлерін суреттеу арқылы *«Күндіз – түні тынымсыз жұмыс істеу мен болдық. Сонда да тойынбаймыз: аш – жалаңаш жүргеніміз»* – әдеби тілдік мүмкіндіктерін көрсетумен тілдік бірліктердің, басқа да функционалдық элементтердің қолданылуы және олардың тілдік материалды қамтумен ерекшеленеді. Көркем мәтінде поэтикалық сөйлеуде қазіргі әдеби норма қалыбына томпақтау иірімдерді

орынды қолдануы ұтымды қорытынды жасау білуімен ерекшеленеді. Аталған кітапта «Мұқатай» деп аталатын шағын әңгімесіндегі басты кейіпкерді суреттеуі мәтіндік бірліктерді толық қамту үдерісін көре аламыз: *«Мұқатай шал бар өмірін кісі есігінде жүріп өткізген ғой. Бай оны мал орнына жұмсайтын. Ауыр азапты көрсе де Мұқатай үн шығарып көрген емес. Қатын-бала оны «Мұқатай мылқау» деп атаған»* (Майлин, Мүсіперов, Ситдықов, 1936: 34). Мәтін кейіпкердің уақыты мен кеңістігін, жан дүниесінің жай-күйін бір көрсету арқылы оқырманды «уақыт машинасына» отырғызып алып кету күдіретімен де ерекшеленеді (Белянин, 1988: 6). Көркемдік-эстетикалық ниетіне, шығарма идеясына байланысты түсіндіріледі. Бұл әдіс жазушының әдеби шығарма тіліне қатысты шығармашылығын зерттеуде, бір мазмұнды өрнектеуге бағытталған жазушы түзетулерін әр түрлі өрнектеу тәсілдерін анықтауда, жалпы жазушының тіл қолдану шеберлігін анықтауда тиімді. Бұл өзгешеліктерді «Мұқатайдың» жалғасынан көре аламыз: *«Өктембір төңкерісінен кейін осы Мұқатайға үн бітіп, тіл шықты. Байдан көрген жәбірін айтты. Ұлы кәнереске кезінде байдан еңбек ақысын өндіріп алды.*

Көркем шығармалардың барлық белгілері көркем мәтіндерге де қатысты. Әдеби шығармалар қалай талданса, көркем мәтін де солай талданып, түсіндіріледі. Өйткені көркем шығарма қағазға түскенде көркем мәтінге айналады. Мәтін арқылы автордың сезімі мен ойы, суреткерлік шеберлігі басқа адамдарға беріледі. Егер онда ағартушылық мақсатпен көркем сөздерден молынан орын алса, астарлы сөздердің, көркем суреттеу құралдарының, поэтиканың, образдылықтың қолданысы мен мұндалап алдыға шығып отырады. Оны Мұқатайдың соңғы бөлігінен байқауға болады: *«Қалқоздасу кезінде Жұмабай, Әбді дегендер елге үгіт жүргізіп, кедей мен орташаны қалқозға қарсы шығармақшы болғаны ғой. Мұқатайдың ышқыңғаны сондай, бір жиылыста айқайды салмасын ба:*

– *Уа кедей мен орташа! Кімнің етегінен ұстағалы отырсың? Әбді мен Жұмабай кешегі байдың асыранды тазысы емес пе еді? Осылар көгертуші ме еді бізді.. – деп.*

– *Апырай солай екен-ау! – деп отырған жұрт қулардан іргесін бөлектеді. Көркем мәтінде кез келген әдеби ортада қалыптасқан шығармашылық тұлғаның ой-өрісі, өзін қоршаған*

өмір құбылыстарына көзқарасы бейнеленеді. Шығарманы оқыған адам негізгі кейіпкермен бірге оқырманның айтпақ ойының тереңіне сүңгіп, онымен бірге қиналып азам шегетіні анық. Осылардың барлығын ескермей, мәтіннің астыңғы қабатында жасырылған автор ниетін көру мүмкін емес.

*Кедей, орташа бірігіп, «Ынтымақ» атты қалқоз ұйыстырды. Мұқатай белсенді мүшесі болды. Қалқоздары жыл асқан сайын әлденіп, беки түсті: жұмыс көлігі жеткілікті, мәшинесі – сайманы мол. Орталарында сүт фермасы бар. Үй басы әлде нешеден малдары бар. Жұмыс істеу, мал басын өсіру жөнінде мүшелердің арасында бәсекел – жарыс. Мал басын өсіргендігі үшін Мұқатай биыл өктембір тойында бәйке алды.*

*Биылғы қырыманды Мұқатай өзі күзетті. Қалқоз басқармасы оған:*

– *Қартайдыңыз ғой сізге ауыр соғар – деп еді.*

– *Өзім тірі тұрғанда қырман күзетін басқаға бере алмаймын – деді Мұқатай».* Мәтін жеке ойдың жемісі болғандықтан мазмұны жағынан да, формасы жағынан да бір-бірінен ерекшеленеді. Барлық ойлар мәтін түрінде жүзеге асып, материалданады, бұл өз оқырмандарының ойланып, пайымдауына мүмкіндік туғызады. Басқаша айтқанда, барлық талдаулар мәтіннің өзінен туындайды. Яғни мәтін ақпарат беруші, жазушы мен оқырман арасындағы коммуникациялық байланысты атқарушы жүйеленген функционалдық бірлік екенін байқауға болады (Валгина, 2003: 21).

Дәл сол кітаптан келесі бір мәтінді мысалға келтірелік. Тақырыбы: «Бай құлақтың тұқымы» деп аталады: «Біріжгәді (бригадасы) бастығы жиылыс істеп, осының себебін қарастырды. Бір сыпыраға шейін жұрт тым – тырыс отырып алды. Бір кезде анығы ашыла бастады: басқарманың шатаботы Жүніс дейтін жігіт еді. Көп үндемейтін. Науқанды жұмыс болғанда ғана ашылып сөйлеп, үкімет ұранын жақтап шығатын. Осы Жүніс шатабот Ақ сүйрік дейтін әйелге айтады: *«Азаптанып жүрсіңдер ау, бірақ астықтың бәрі үкіметке беріледі, өздеріңе еш нәрсе қалар ма екен?! – депті».* Подтекст (мәнмәтін) көбінесе күл астындағы жарқыраған шоқты еске түсіреді. Шоқтан алаулатып қайта жалын тудыруға болатыны сияқты, автордың үнін естіген зерттеуші ғылыми және философиялық тұжырымдар жасай алады. Мәтін жазушының ой тереңіндегі айтпақ болған сырды

шығарып береді. Сонымен мәтін ары қарай былай жалғасады: *«Ақсүйрік оны басқа әйелдерге айтып, күнкіл сөзді көбейтіп, жұмысқа таза шықпайық деушілерде болыпты ғой.*

*Жүністің мұнынасы жұрт таң қалды.*

– *Таңданбаңдар. Жүністің осыны істейтінін мен әлде қашан ақ білгем. Ол – белгілі Жұмырбайдың тұқымы. Оның әкесі 1930 – жылы жер аударылған болатын, – деді Нұрыш.* Ауруды емдеуде ең маңыздысы диагноз қою болатыны сияқты, мәтінді талдаудан бұрын оны тыңдау өте маңызды. Осы мәтінді ғалым Г. Смағұлованың тұжырымы бойынша саралайтын болсақ, мәтін ішіндегі жазушының айтпақ болған түпкі ойы мәнмәтінде басқаша рең қатып, шығарма басқаша болуы құбылысы тек авторға тән сыр болып қала беретін сияқты. Жазушы мәтінде айтқанымен оқырманның мәтінді қабылдау нәтижесіне байланысты болмақ. Мәтіннің мәні, оқып отырған шығарманың оқиғаларын өзінше саралап, өзінше ой қорыту сол арқылы бастан өткеретін сезімдерімен түсінуі мен түйсінуіне байланысты болмақ (Смағұлова, 2002: 24). Мәтінді бағалау кезінде ең жетілген теориялық тұжырымдар да талдау процесіне көмектесе алмайды. Осынау көркем мәтіндегі астарлы ақпарды, мәнмәтін ретінде талдаудың мақсаты – автордың ой-толғамдарының мәдени дәрежесін және жеткізбек болған ой түбіндегі сөзін көрсету болмақ.

*«Сұмдық ай! – деп жұрт жағасын ұстады.*

*Біріжгеді бастығы жүгініп алып.*

– *Жолдастар! Біз адамды сөзіне қарап емес, ісіне қарап тексереміз. Жүніс үкімет ұранын ауыз бен жақтап, іс жүзінде қарсы түсіп отыр. Мұның үшін жазасын тарттырамыз. Бұдан былайда жолдастар, сақтығымызды күшейтейік, тап жауын талқандайық! – деді».* Оқырманды әрі-сәрі күйде қалдыратын мұндай шиеліністер мен бұрылыстар автордың қоғамдық талапқа құрбан болып бара жатқан кейіпкер мен жазушының да сол бағыттағы сезімін аңғаруға болады. Мәтіннің өзіндік ерекшеліктерінің бірі де күрделі құрылым ретінде оқырман санасында ашық және астарлы дүрбелең туғызып, өзінде ой толғауға жетелейді. Көркем мәтіннің референті мәтіннің сыртында емес, ішінде болады. Көркем мәтін – автордың анықтамасы. Көркем мәтіннің мәндік, мағыналық кескіні оқырман санасында қалыптасады (Ахмедьяров, 2002: 77).

Аталған кітаптағы «Ұлы еңбек» атты өлеңде былай деп жырлаған:

Ұлы кеңес одағында

Ұшан – теңіз жұмыс бар.

Су жүргізіп шөлейт құмға,

Тегістелді терең жар.

Зауыт, пәбірік, шақты, домны.

Құрлысты қайнаттық,

Техникеге артып қолды,

Електірді ойнаттық.

Құлазыған қу даланы

Құлпыртқан кім?

Бір еңбек.

Өктәбірден балаланған,

Салаланған ұлы еңбек (Майлин, Мүсіперов, Ситдықов, 1936: 33). Кез келген дәуірде зиялы қауым өкілдері идеологияның басты насихатшысына айналады. Саяси жақтан әрқалай сараптауға болады. Дегенмен оның халықтық және ағартушылық тұрғыдағы ойы мен ұстанымы жағынан таразылауым тиіс. *«Ұлы кеңес одағында»* Бұл күнде Кеңес одағының ұлттық руаниятымызға тигізген залалы мен тіпті сол арыстарымыздың өміріне қиянат жасаған озбыр саясаты ешқандай жағдайда да ақталмайтын. Майлиндердің елдік, мемлекеттік мүддесі жолындағы ниеті де, амалы да, қайраткерлігі де қай ғасырда болмасын қазаққа үлгі болып қала беретіні айдан анық дүние. Аталған өлең Кеңес одағының құрсауындағы елдің ендігі үміті мен жарығы ұлы еңбек екенін насихаттап тұр. *«Құлазыған қу даланы, Құлпыртқан кім? Құлпыртқан – Кеңес одағы немесе Ұлы Ленин деуіне болар еді. Бірақ Бейімбет: Бір еңбек».* – деді.

*Ұшан – теңіз жұмыс бар. Су жүргізіп шөлейт құмға, Тегістелді терең жар.* Бұл жолдардан сол дәуір адамдары үшін жаңалық болған құндылық көрінісі суреттелген. *Зауыт, пәбірік, шақты, домны.* Жазушымен мен оқырманның пікірі жасы, оқуы, тәрбиесі сияқты фондық білімі әр қалай болғандықтан көзқарастары екі ұдайы болуы мүмкін. Жазушының айтары оқырман тарапынан сол дәрежеде қабылданбауы анық. *Құрлысты қайнаттық, Техникеге артып қолды, Електірді ойнаттық. Құлазыған қу даланы...* Қазақ тілінің төл дыбыстық элементтері көрсету арқылы ұлттық тұрғыдан шашау шығармай, мағыналық та тілдік те ауытқуларға жол берілмегенін көруге болады.

Б. Майлиннің 1931 жылы Қазақстан баспасынан жарық көрген «Жаңаша оқы жаз!» кітабынан «Жаппай сауаттан!» деген мәтін: *«...1932 жылдың 1 өктембіріне дейін Қазағыстанда (кітапта осылай жазылған – Е.Т.) 16 жастан 50 ге дейін, өндіріс орны мен ауыл*

шаруашылығындағы жұмысшылардың 16-дан 35-ке дейін қат танымайтындары болмасын. Ауыл еңбекшілері – кедей батырақтар да тегіс сауаттандырылып, ұлтқа бөлінбей жаппай оқытылсын» (Қаз атком деректібінен) (Майлин, 1931: 16). Мәтіндегі автордың шеберлігін, негізгі ойын қалай, қандай тәсілмен жеткізуге тырысудың теориялық ақпараттың молдығынан көруге болады. Мәтін уақыт кеңістігі мен қоғамдық-тарихи жағдайлардың салмағын беруімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, одан жазушының пікірі мен азаматтық ұстанымы анық сезіліп тұрады. Жүйелі, жұп-жұмыр болуымен қатар, мағыналық тұрғыда бас-аяғы бірізді, қарым-қатынас құруда толық жауап беретін сөйлеу үдерісін алып кете алатын, хатқа түскен шығармашылық кешен деуге болады (Сүлейменова, 1998: 54).

Б. Майлиннің оқу-ағарту саласындағы кешенді, көлемді еңбектерінің бірі 1930 жылы жарық көрген «Күш» шала сауаттылар үшін оқу кітабы, сол тұстағы қазақ даласындағы сауатсыздықты жою бағытындағы бірігей кітаптардың бірі болған десек артық айтпағанымыз. Тақырыптары: Жаңа ауыл, Оқу жұмысына үкімет көмегі, Күліп шықты, Жалпы міндетті оқу, Кәперетіптендіру және ауыл шаруашылығын бірлестіру, Бірлестік шаруа (қалқоз) қандай болады? Бірлестік шаруа (қалқоз) да еңбек күшін қалай пайдаланып, табысты қалай бөледі? Бірлестік шаруа (қалқоз) ға кім мүше бола алады? Бірлестік шаруаны қалай жасауға болады? Бірлестік шаруа (қалқоз) құрушы нені білу керек? Сиырдың өлшемей салмағын білу, Сиырдың сүтін арттыру жолы, Қара шаруаға қандай ат керек, Егін шығымын өсіруге тырыс, Шаруашылығыңды мәшинеге айналдыр, Тұқым таза болсын, Қазақстан жері – деп жалғасып кете береді. Оқулық оқу-ағартумен қатар, жалпықоғамдық функционалдық сауаттылық үшін де жазылғандай. Сөзімнің дейектілігі үшін жоғарыдағы тақырыптардың арасынан «Қазақстан жері» деген мәтінді толық көшіріп беруді жөн көрдік. «Қазақстанның бұрынғы Ақмола, Семей, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Орынбор, Бөкей губернелері мен Адай уезінде 202 962 345 десетине жер бар еді. Ол жер былай бөлінген: Переселендердің алған жері 20 136 630 десетине; орман-ағаш сияқты түрлі керектерге алынған жер 6 814 174 десетине; қазақ орыстар қолында 9 392 061 десетине; қазақ қолындағысы – 161 787 205 десетине. Осы жерлерді шаруаға қолайлы, қолайсыз жағғына бөлгенде мынадай

болып шығады: қара шекпен мен атты қазаққа тиген жердің 25 979 192 десетине қолайлыға есептеледі. Қазаққа тиген жердің 10 пурценті (пайызы – Е.Т.) ғана қолайлы болып саналады» (Майлин, 1930: 63).

Көркем мәтіндердің айрықша белгілері – ондағы образдық күш пен әсерлілік. Көркем мәтінді құру кезінде оқырман табиғатқа, қоғамдық болмысқа еркін көзқараспен қарайды. Мәтін – оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастырудың негізгі құралы. Осындай мәтіндер арқылы оқырман сұлулық пен талғампаздық әлеміне еніп, қуанышы мен уайымын бөліседі, сүйікті кейіпкерлерінің соңынан ереді. «Сауаттандырғыштағы» назарымызды аударған тағы бір мәтін «Әлімкүл – тергеуші». *Азамат соғысының кезі еді. Ауылдың үстін ақтың әскері қаптады.*

– Қызылдың адамына осы ауылдан ат ұстап берген жылқышы қайда?

– Міне! деп байлар Оразбақты көрсетті.

*Оразбақ Әлімкүлдің ері еді. Екі бала мен Әлімкүл жесір қалып, көрінгеннің оты мен кіріп күлі мен шықты. Көрмеген бейнеті жоқ. Сөйлеуге мүмкіндік беретін мәтіннің өзі. Мәтін мазмұны мен формасы жағынан қаншалықты кемел болса, соғұрлым егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік туады. Мәтінді бағалауда барлық басқа сипаттармен қатар зерттеушінің сезімталдығы, сезімі, жеке көзқарасы өте маңызды. Талдау бағыты көп дәрежеде әдебиеттанушының мәтінге көзқарасына, оның әдеби мақсатына байланысты. Мәтін – көркемдік талдаудың, көркемдік бағалаудың объектісі. Мәтінге баға беру – оның авторының ғана емес, зерттеушінің өзіндік деңгейінің, ғылыми әлеуетінің, әдеби талғамының, дүниетанымының көрсеткіші екенін байқауға болады. Сонымен жоғарыдағы әңгіме келесідей жалғасады: «Қалқозға Әлімкүл алды мен жазылды. Жұмысқа дегенде сойқан. Кер тартпаның талайына түрткі болды:*

– Істейтін болсаң, дұрыс істе. Істемейтін болсаң, шық былай – деп жалқауларды түтіп шығатын болды.

*Көрінген мен байланысады – деп қалқозшылар оны көпке шейін жаратпай да жүрді. Бері келе Әлімкүлдің айқайы өздерінің пайдасы үшін екенін сезіп қалқозшылары жақсы көре бастады. Қалқозда еңбек тәртібі орнап, табыс молайды.*

*Әлімкүл қат танымайды. Үш жылдан бері тексеру кәмесесінің мүшесі.*

*Шатабот баламыз қылжақ бас. Есепке шорқақ, жалқау еді. Сол әліне қарамай қалқозды*

*жеуге де ойлапты ол. Әлімкүл осының соңына түсіп, не бар ұрлығын ашты да берді.*

*Содан бері оны: Әлімкүл тергеуші – деп атап кеттік.* Ғалым К. Аманбаеваның тұжымыры бойынша жоғарыдағы мәтіннен бірін-бірі толықтыратын екі дүниені көруге болады. Оның бірі – мәтінде бір адамның емес, барша көпшіліктің көзқарас-пікірін, өмірлік ұстанымын беруде автордың бас қаһарманның ұстанымы арқылы қоғамның бағытын көрсетіп, драмалық тартыс тудырып отыр. Келесі, негізгі кейіпкердің көрген азабы мен тартқан тауқыметінен сол дәуірдегі алмалы-төкпелі сұрқия саясатты көрсетуге тырысқан (Төлеубаева, 2004: 28). Яғни Б. Майлин шалақ белсенді, пысықайларды жеңудің тура жолы еңбек пен ерікте екенін көрсеткен.

Мәтін формасы жағынан да, мазмұны жағынан да ерекше, күрделі де көп қабатты эстетикалық тұтастық. Мазмұны пішін сияқты маңызды. Кейде форма тіпті мазмұн деңгейіне дейін көтеріліп, мазмұн мәртебесін алып, нақты мазмұнның мәніне әсер етуі мүмкін. Б.Майлиннің оқу құралында қолданған келесі бір мәтіні: *Астық сарқозы. ...Кешегі иесіз далада бүгін бүгін қайнаған қала. Келіп, кетіп жатқан қалқозшылар. Келгендерге түсетін қонажайы, асқанасы дайын. Технике мамандарын әзірлеп шығаратын мектеп бар, оқушылары қалқозшылардың балалары. Комбайынды басқарып жүрген қазақ балаларын көресің. Маңындағы қалқозшылар күн бе күн келіп, игі өнегі – алып қайтып жатыр* (Майлин, Мүсіперов, Ситдықов, 1936: 38). Жазушының мазмұнды қалыптастырудағы шеберлігі, ондағы дара сипаттар ерекше құндылыққа ие. Ағартушылық мәтінде ең алдымен осы аспекті,

яғни форма мен мазмұн бірлігі басты ұстаным ретінде қарастырылуы керек. Пішін мен мазмұнның ашық немесе жасырын үйлесімділігі автордың көркемдік ниетінің айқын әрі толық көрінуіне байыпты негіз.

### Қорытынды

Мәтінді саралау барысында ең алдымен оны ғылыми-дидактикалық тұрғыдан талдай отырып, қорытынды жасауға тырысу қажет. Б. Майлиннің өмірбаяны мен қайраткерлігі қайта саралауды қажет ететін тұлғалардың бірі екенін көруге болады. Көркем шығармаларын талдаудан ғылыми қорытынды жасау үшін жазушының ұстанымын түсіну керек, ол үшін жазушының жүріп өткен жолына көз салсақ оның өмірі мен еңбектерінен үлгі аламыз. Б. Майлиннің замана желіне сай әрекет етіп, бірақ ұлттық есепті естен шығармай ағартушылықпен айналысқаны осылай жарыққа шыға бермек. Оның көркем әдебиеттегі алғашқа қадамдары да осы ағартушылық жолдан басталғандай көрінеді. Я болмаса, жазушылық өмірінде ағартушылықты жанына серік еткені айқын байқалады. Оқу құралдарындағы мәтіндері мен тақырыптарының стилі оның көсемсөздегі және жазушылықтағы мәнеріне мүлдем ұқсамайды. Яғни Майлин ағартушылық бағытқа тыңғылықты дайындықпен келгені анық. Оның мәтіндері қай стильде болсын біртұтас мағына беруді қамтамасыз етіп, тиянақталған бітімін танытумен ерекшеленеді. Көркем мәтіндегі мазмұндық-нақты ақпар бір тақырыптық өріске қатысты сөздермен түзіліп, ағартушылық мағынаға ұйытқы болып отырады. Сондықтан да, оның мәтіндері мен оқу құралдарынан мысалдар қолдану арқылы халықтық ой-өріске мықтап байлануға болады.

### Әдебиеттер

- Салқынбай А., Абакан Е. Тіл әлемі. – Алматы: «Қазақ университеті» баспаханасы, 2009. – 351 б.
- Әділова А.С. Қабылдау стилистикасы. – Алматы: Эверо, 2016. – 99 б.
- Дәулетбекова Ж. Ұлы міндетіне адал ұстаз (Профессор Рақыш Сәтұлы Әмірдің ғұмырнамалық-шығармашылық портреті). – Алматы, 2020. – 349 б.
- Майлин Б. «Күш»: Шала сауаттылылар үшін оқу кітабы. – Алма-ата: Қазақстан баспасы, 1930. – 184 б.
- Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Жалын, 1991. – 462 б.
- Шалабай Б., Ахметова М. Мәтін лингвистикасының негізгі мәселелері // Тілтаным. – 2002. – № 1. – 45-46 б.
- Байменше С., Майлының Бейімбеті. – Алматы: Білім, 1994. – 156 б.
- Turgunov Ye., Abdimomunov Ye., The Problem Of Elimination Of Illiteracy By Writing Textbooks In The Steppe // Orsción. – Vol. 35(88). – 2019 – P. 543-566. – URL: <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24216>. (Пайдаланылған күні: 23.07.2023).
- Арнольд И.В. Теоретические основы стилистики декодирования. Семантика. Стилистика. Интертекстуальность: Сб. Ст. – Санкт-Петербург: Изд. СПбГУ, 1999. – 444 с.
- Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 208 б.



- Майлин Б., Мүсіперов Ғ., Ситдықов Ә. «Сауаттандырғыш (сауатсыздар әліппесі). – Алма-ата: Қазақстан баспасы, 1936. – 16 б.
- Тураева З. Лингвистика текста. – Москва: Просвещение, 1986. – 156 с.
- Белянин В. Психологические аспекты художественного текста. – Москва, 1988. – 120 с.
- Валгина Н.С. Теория текста. – Москва: Логос, 2003. – С. 12-21.
- Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 24 б.
- Ахмедьяров К.К. Лингвистическая поэтика: традиции и инновации. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 234 с.
- Сүлейменова Ә.Д. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 453 б.
- Майлин Б. Жаңаша оқы жаз! – Алма-ата: Қазақстан баспасы, 1931. – 16 б.
- Төлеубаева К. Қазақ романдарындағы драматизм: филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Астана, 2004. – 28 б.

## References

- Arnold, I.V. (1999) Teoreticheskie osnovy stilistiki dekodirovaniya. Semantika. Stilistika. Intertekstualnost [Theoretical foundations of decoding style. Semantics. Stylistics. Intertextuality]. St. Petersburg. Ed. St. Petersburg State University. (in Russian)
- Akhmedyarov, K.K. (2002) . Lingvisticheskaya poetika: traditsii inovatsii [Linguistic poetics: traditions and innovations]. Almaty. Kazakh University. (in Kazakh)
- Adilova, A.S. (2016) Qabyldau ctilistikasy [Reception Stylistics]. Almaty. Evero. (in Kazakh)
- Baytursynuly, A. (1991) Ādebiet tanytqys [Literary presenter]. Almaty. Jalyn. (in Kazakh)
- Baymenshe, S. (1994) Mailynyñ Beimbetі [Beimbet of Mayly]. Almaty. Education. (in Kazakh)
- Belyanin, V. (1988) Psihologicheskie aspekty hudojestvennogo teksta [Psychological aspects of the artistic text]. Moscow (in Russian)
- Valgina, N.S. (2003) Teoriya teksta [Text theory]. Moscow. Logos. (in Russian)
- Dauletbekova, Zh. (2020) Ūly mindetine adal ūstaz (Professor Raqys Sātūly Āmirдің ġūmyrnamalyq-syğarmaşylyq portreti) [A teacher faithful to his great duty (biographical and creative portrait of Professor Rakish Satuly Amir)]. Almaty. (in Kazakh)
- Mailin, B., Musiperov G., Sitdykov, A. (1936) Sauattandyrgys (sauatsyzdar ālippesi) [Literate (Alphabet of the Illiterate)]. Alma-Ata: Publishing House of Kazakhstan. (in Kazakh)
- Mailin, B. (1931). Jañasa oqy jaz! [Read and write anew!]. Alma-Ata. Kazakhstan publishing house. (in Kazakh)
- Mailin, B. (1930). «Küş»: Şala sauattylylar ūşın oqu kitabı ["Strength": The textbook for preliterates]. Almaty. Kazakhstan publishing house. (in Kazakh)
- Orazbaeva F. (2000). Tıldık qatynas: teoriyasy jäne ādistemesi [Linguistic communication: theory and methodology]. Almaty. RBC. (in Kazakh)
- Salkynbay, A., Abakan E. (2009) Tıl ālemi [Language World]. Almaty. "Kazakh University" publishing house. (in Kazakh)
- Smagulova, G. (2002) Mätin lingvistikasy [Text Linguistics]. Almaty. Kazakh University. (in Kazakh)
- Suleymenova E.D. (1998) Tıl bilimі sözdığı [Dictionary of Linguistics]. Almaty. Kazakh University. (in Kazakh)
- Toleubaeva K. (2004) Qazaq romandaryndağy drammatizm: filol. ġyl. kand. diss. Avtoreferaty [Dramatism in Kazakh Novels: Philol. do it sugar diss. abstract]. Almaty. (in Kazakh)
- Turaeva, Z. (1986) Lingvistika teksta [Linguistics of the text]. Moscow. Education. (in Russian)
- Shalabay, B., Akhmetova M. (2002). Mätin lingvistikasynyñ negizgi mäseleleri [Main problems of Text Linguistics]. Tiltanym [Linguistics]. Almaty. Vol.1. 45-46.
- Turgunov, Y., Abdimomynov, Y. (2019). The Problem of Elimination of literacy by Writing Textbooks in The Steppe. Opción. Iss. 35(88). – URL: <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24216>. (Date of use: 23.07.2023)